

БӨЛІМ: БУКЕТОВ UNIVERSITY / UNIVER / СТУДЕНТ

Қазіргі ақындар айтысындағы ұлттық идея

ЖАРИЯЛАНДЫ 06.05.2026	ТІРЕК СӨЗДЕР айтыс өнері, жастар тәрбиесі, жаһандану, қоғамдық пікір, мемлекеттік тіл, рухани мұра, салт-дәстүр, тарихи жады, тәуелсіздік құндылықтары, ұлттық идея, ұлттық мәдениет, ұлттық сана	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/188526/
--------------------------	--	--

Абыжат Лебіз Елдосқызы

Амангелді Назгүл Кененқызы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті

Филология факультетінің студенттері (Қарағанды, Қазақстан)

Ғылыми жетекші: **Жұмағұлов Айтбай Ботпайұлы**, ф.ғ.к, қауымдастырылған профессор

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі ақындар айтысындағы ұлттық идеяның көрінісі мен маңызы жан-жақты қарастырылады. Айтыс өнерінің тарихи қалыптасу жолы, оның халықтың рухани мұрасы ретіндегі орны және ұлттық сананы қалыптастырудағы қызметі талданады. Сонымен қатар қазіргі айтыста тәуелсіздік құндылықтарын дәріптеу, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді сақтау, жастар тәрбиесі мен қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді көтеру сияқты бағыттар ұлттық идеяның негізгі мазмұны ретінде сипатталады. Айтыстың қоғамдық пікір қалыптастырудағы, тарихи жады жаңғыртудағы және жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтаудағы рөлі ғылыми тұрғыда сараланады. Зерттеу нәтижесінде қазіргі айтыс ұлттық рухты нығайтатын, ел бірлігін дәріптейтін және ұлттық мәдениетті дамытатын маңызды рухани құрал екендігі айқындалады.

Кілт сөздер

айтыс өнері, ұлттық идея, ұлттық сана, тәуелсіздік құндылықтары, мемлекеттік тіл, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, жастар тәрбиесі, рухани мұра, қоғамдық пікір, жаһандану, тарихи жады.

Айтыс – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы, ұлттық болмысы мен дүниетанымын танытатын ерекше өнер. Ол тек поэзиялық жарыс қана емес, халықтың арман-мұраты мен тарихи санасын, қоғамдық көзқарасын жеткізетін маңызды рухани құрал болып табылады. Сондықтан қазіргі ақындар айтысындағы ұлттық идея мәселесін қарастыру – ұлттық мәдениетті танудың маңызды бағыттарының бірі.

Ұлттық идея – халықтың тарихи тәжірибесі, рухани құндылықтары мен болашаққа деген ұмтылысын біріктіретін тұтас ұғым. Белгілі ғалым Амантай Шеріп ұлттық идеяны этностың табиғи-тарихи болмысынан туындайтын әлеуметтік мұраттар мен мәдени құндылықтардың жиынтығы ретінде сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда айтыс өнері ұлттық идеяны насихаттаудың тиімді әрі ықпалды құралдарының бірі болып табылады. Айтыс өнері өзінің бастауын көне дәуірлердегі тұрмыс-салт жырларынан алып, кейін эпостық дәстүрмен сабақтасып дамыды. Қазақ халқының елдік пен ерлік жолындағы күресі, жер мен ел тағдырына қатысты ой-толғаныстары айтыс арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Орхон жазбаларынан бастап қазақ эпостарына дейінгі мұраларда елді қорғау, жерді сақтау идеясы негізгі тақырып болғаны белгілі. Бұл дәстүр қазіргі айтыс өнерінде де жалғасын табуда.

Қазіргі ақындар айтысында ұлттық идея бірнеше бағытта көрініс табады. Біріншіден, тәуелсіздік құндылықтарын дәріптеу. Егемендік алғаннан кейін айтыс сахнасында ел бірлігі, мемлекеттік тіл, ұлттық рух мәселелері кеңінен жырлана бастады. Ақындар тәуелсіздіктің қадірін түсіндіру арқылы халық санасында отансүйгіштік сезімді нығайтуға үлес қосып келеді. Екіншіден, ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау мәселесі қазіргі айтыстың басты тақырыптарының бірі болып отыр. Айтыс барысында ақындар ана тілінің мәртебесін көтеру, салт-дәстүрді жаңғырту, ұлттық тәрбиені насихаттау мәселелерін жиі көтереді. Бұл – ұлттық идеяның негізгі тіректерінің бірі. Үшіншіден, қазіргі айтыста қоғамдағы әлеуметтік мәселелер де ұлттық мүдде тұрғысынан сөз болады. Жастар тәрбиесі, ауыл мәселесі, рухани құндылықтардың әлсіреуі сияқты тақырыптар арқылы ақындар халықты бірлікке, жауапкершілікке шақырады. Бұл айтыстың қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлін айқындай түседі. Кеңестік кезеңнің өзінде айтыс өнері халықтың көкейіндегі шындықты жеткізудің бірден-бір жолы болды. Сол кезеңдегі айтыс ақындары қоғамдағы қайшылықтарды астарлап жеткізсе, тәуелсіздік жылдарында бұл мүмкіндік кеңейе түсті. Қазіргі айтыс сахнасында ұлттық рухты көтеріп жүрген ақындардың шығармашылығы ұлттық идеяның дамуына ерекше ықпал етуде.[1]

Қазіргі ақындар айтысы – ұлттық идеяны дәріптейтін, халықтың рухани тұтастығын сақтайтын маңызды мәдени құбылыс. Айтыс арқылы ел бірлігі, тәуелсіздік құндылықтары, тіл мен дәстүр мәселелері кеңінен насихатталып келеді. Сондықтан айтыс өнерін дамыту – ұлттық сананы нығайтудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Айтыс – қазақ халқының рухани мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі

болып табылатын синкреттік өнер. Ол халықтың тарихи жадын, әлеуметтік көзқарасын, ұлттық мінез-құлқын және қоғамдық ойікірін айқын көрсететін ерекше поэзиялық жанр ретінде қалыптасты. Сондықтан қазіргі ақындар айтысындағы ұлттық идея мәселесін қарастыру – ұлттық сананың даму үрдісін зерттеудің маңызды бағыттарының бірі.

Ұлттық идея – халықтың тарихи тәжірибесі мен рухани құндылықтарының негізінде қалыптасатын, оның болашақ даму бағдарын айқындайтын тұжырымдамалық ұғым. Қазақ айтысы осы ұлттық идеяның көркем бейнеде көрініс табуына ықпал ететін негізгі өнер түрлерінің бірі болып саналады. Айтыс жанрында халықтың еркіндікке ұмтылысы ерте кезеңдерден бастап байқалады. Қазақ халқының ел тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі фольклорлық мұраларда, батырлар жырында, тарихи дастандарда кеңінен көрініс тапқан. Соның ішінде «Қобыланды батыр» эпосындағы ел қорғау идеясы – халықтың еркіндік мұратының көркем бейнесі болып табылады. Бұл идея айтыс өнерінде де жалғасын тауып, кейінгі кезеңдердегі ақындар шығармашылығында тұрақты тақырыпқа айналды. XIX ғасырдағы айтыстарда отаршылдық саясаттың зардаптары мен халықтың әлеуметтік жағдайы кеңінен жырланды. Мысалы, Сәбит Мұқанов атап өткендей, осы кезеңдегі айтыстарда әйел ақындардың белсенділігі ерекше байқалады. Бұл айтыстарда халықтың еркіндікке деген ұмтылысы, әлеуметтік теңсіздік мәселелері көркем түрде бейнеленді. Әсіресе қыз бен жігіт айтыстарында қазақ қыздарының батылдығы мен еркін ойы айқын көрінеді. Айтыс жанрында ұлттық идеяның маңызды бағыттарының бірі – тәуелсіздік тақырыбы. Қазақ халқы ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізуі ұлттық сананың жаңғыруына ықпал етті. Бұл үрдіс қазіргі айтыс өнерінде ерекше көрініс табуда. Қазіргі ақындар тәуелсіздік құндылықтарын дәріптеу арқылы халықтың рухын көтеріп, ұлттық бірлікті нығайтуға қызмет етіп келеді. Қазіргі айтыс ақындары шығармаларында мемлекеттік тілдің мәртебесі, ұлттық мәдениетті сақтау, салт-дәстүрді жаңғырту мәселелерін кеңінен көтереді. Бұл тақырыптар ұлттық идеяның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар айтыста жастар тәрбиесі, ел бірлігі, қоғамдағы рухани құндылықтардың сақталуы сияқты өзекті мәселелер де ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырылады.[2]

Айтыс жанрында әйел ақындардың рөлі де ерекше. Қазақ қоғамында әйелдердің ел тәуелсіздігі жолындағы күресте белсенді орын алғаны тарихи деректерден белгілі. Бұл үрдіс айтыс өнерінде де көрініс тауып, әйел ақындардың азаматтық позициясын айқындай түсті. Олар қоғамдағы әділетсіздік мәселелерін көтеріп, халықтың мұң-мұқтажын батыл жеткізе білді. Кеңестік кезеңде айтыс өнері белгілі бір идеологиялық шектеулерге қарамастан халықтың шынайы ой-пікірін жеткізудің тиімді құралы болды. Ал тәуелсіздік жылдарында айтыс ұлттық рухты жаңғыртудың маңызды тетігіне айналды. Бұл кезеңде айтыс сахнасында ел тарихы, тіл тағдыры, ұлттық бірлік мәселелері кеңінен жырлана бастады. Жаһандану жағдайында ұлттық мәдениетті сақтау мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда айтыс – ұлттық болмысты сақтаудың маңызды құралы. Ол халықтың тарихи жадын жаңғыртып қана

қоймай, жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыруға ықпал етеді. Қазіргі ақындар айтысы – халықтың тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық сананы қалыптастыруға қызмет ететін маңызды рухани кеңістік. Айтыс арқылы қоғамдағы өзекті мәселелер көтеріліп қана қоймай, елдік мүдде, тіл тағдыры, тәуелсіздік құндылықтары мен ұлт бірлігі сияқты іргелі ұстанымдар көркем түрде насихатталып келеді. Бұл өнер түрі ұлттық дүниетанымды сақтаумен қатар, жаңа заман талаптарына бейімделіп, қоғамдық ойпікірдің қалыптасуына ықпал ететін пәрменді мәдени құралға айналып отыр.[3]

Сондықтан қазіргі айтыс – тек поэзиялық жарыс емес, ол ұлттың рухани тұтастығын бекітетін, жастардың отансүйгіштік көзқарасын қалыптастыратын және ұлттық идеяны заманауи мазмұнда дамытатын маңызды шығармашылық алаң болып табылады. Айтыстың осы қасиеттері оның қоғамдық маңызын арттырып, ұлттық мәдениеттің өміршеңдігін айқындай түседі. Айтыс – халық әдебиетінің күрделі де қызық жанры. Өйткені дүйім көптің алдында шектеулі уақыт көлемінде поэзияға тән ерекшеліктерді (ұйқас, ырғақ, көркемдік т.б.) сақтай отырып, сөз асылын бірден төгіп айту тек туа біткен таланттың қолынан келеді. Көптің көзі қалт жібермей қадағалап отыратындықтан, айтыс ақынға үлкен жауапкершілік жүктейді. Табанда сөз тауып айта білу тапқырлық пен алғырлықты, шамырқанған шабытты танытар өткір тілді, батылдық пен шыншылдықты, білім-біліктілікті талап етеді. Осылардың бәрі ақын бойынан табылғанда ғана сөзден тосылмауы мүмкін. Ақын халықтың, елдің тұрмыс-тіршілігін кеңінен қамтып, шындықты басты өлшемге айналдырғанда ғана сыннан сүрінбей өтеді. Айтыста неғұрлым заман сыры ашылып, көкейкесті мәселелер айтылса, соғұрлым оның әлеуметтік мәні арта түседі. Бұл – жанрдың басты ерекшелігі.

Қандай даңқты ақын болса да, бірден ірі айтысқа түспей, алдымен дарындылығын ұштап, айтыстың қатал сынынан өтетіні белгілі. Нағыз импровизатор, ойы ұшқыр өнер иесі екенін көрсете білуі керек. Айтыстағы ақынның өнерін М. Әуезов:

«Жарысқа түсуші ақындар тапқырлықпен, өнерпаздықпен кезек шабуыл қақтығысулары арқылы тыңдаушыларын әр алуан дәрежеде қызықтырып, еліктіріп отырады...» – деп бағалаған. Осындай талаптан өткен ақындар ғана үлкен айтыстарға қатысуға құқылы болған. Айтыста әлеуметтік мәнді мәселелер көтеріліп, елдікке нұқсан келтіретін кемшіліктер сынға алынып отырады. Сондықтан айтысты белгілі дәрежеде ел өмірінің шежіресі десек те артық болмайды. Ел даңқын асқақтата сөйлеу де ақындық парыз. Осы арқылы айтыстың танымдық-тәрбиелік сипаты арта түспек.[4]

Жел сөзді көпірте жеңіл айту немесе тұспал-долбармен сөйлеу көпті иландыра бермейді. Сондықтан ақын көпке ой салатын пәтуалы сөз айтуы керек. Айтыстың қандай тақырыпта өрбитінін ақындардың өздері де білмейді. Сол себепті бәсекелес ақын қарсыласына қолма-қол жауап бере алатын, көргені мен түйгені мол, ішкі дайындығы мықты болуы қажет. Өлеңді кідіріссіз төгіп айту үшін тек суырыпсалмалық аздық етеді,

бұған қоса ой тереңдігі мен тәжірибе керек. Қоғамдық өмірдің сан түрлі қыры мен сыры, елдің өткені мен бүгіні, белгілі адамдар өмірі туралы хабардар болмаған ақын жеңіске жете алмайды. Көрермен көп үшін жеңіл айтылған жел сөздің керегі жоқ. Әріптесінің тосын айтқан сөзіне тосылмай, дәлелді әрі көркем жауап айта білген ақынның мерейі үстем болмақ. Айтыс синкретті өнер болғандықтан, сөз сайысына түскен ақынның бірнеше қыры (ақын, музыкант, әнші, артист) көрінеді. Табанда төгіп айтқан ақын өлеңді бір музыкалық аспаппен (домбыра, қобыз, сырнай) сүйемелдеуі қажет. Сөз бен саз бірін-бірі толықтырып, үйлесім тапқанда ғана айтыстың тартымдылығы арта түседі.

Айтыс өнерінің сыры мен қырын жан-жақты талдаған ғалым М. Жолдасбеков:

«Қазіргі айтыскерлердің көпшілігіне тән кемшілік – өзінің жеке мақамының болмауы. Айтыс ақыны ешкімге еліктемеуі керек. Еліктегені – өлгені. Мақам мәселесіне әр ақынның паспорты деп қарағанымыз жөн» – деп түйіндейді. Сол себепті айтыс ақындарының өздеріне тән әуез-сазы болуы орынды. Ұзақ айтыста өзін шаршатпай, дауысты қарлықтырмайтын, құлаққа жағымды естілетін әуенмен айту әсерлілікті арттырады. Қылыштың жүзіндей өткір ой айтып, қаумалаған жұрт назарын тарта білу оңай емес. Айтысқан екі ақынның сөзбен шарпысуына ұтқыр жауап таба білуі және ол жауап көп көңілінен шығатындай шынайы әрі көркемдік қуаты биік болуы керек. Сонда ғана тыңдаушылардың ықыласы артады. Айтыста жалқы арқылы жалпының басындағы шындық айтылатындықтан, шыншылдық пен сыншылдық сабақтаса келіп, жүйелі ой айтылғанда айтыс нәрлене де, әрлене де түседі. Айтыс зерттеушісі Р. Бердібаев: «Айтысқа түсер ақын шүй дегеннен бастырмалатып, қарсыласының апшысын қуырып, сескендіре сөйлейді...» – деп көрсетеді.[5]

Сондықтан ақындарға қырағылық, тапқырлық, парасатты ой, мол білім... керек. Ақын терең мазмұнды сөз айтып, көркемдік бояуы қанық ойларды қолданса, айтыстың ажары ашылады. Ақынның сөзіне, айту мәнеріне қарай баға беріледі. Сондықтан айтылған ой дәлелді, пайдалы, салмақты болуы тиіс. Тапқырлықпен айтылмаған сөз өкінішке қалдыруы мүмкін. Соңғы кездері теледидардан көрсетілетін айтыстарда әзіл-қалжың, кекету элементтері де кездеседі. Әрине, орынды әзіл көрерменді серпілтеді. Бірақ анайы сөз немесе намысқа тиетін сөз ақынның беделін түсіреді. «Айтылған сөз – атылған оқ». Қарсыласына әдептен аспай сын айтуға болады. Бірақ кейде жауаптың орнына орағытып сөйлеу кездеседі, мұндай сөз көпшіліктің қолдауын таппайды.

Айтыс – тек сауық емес, оның танымдық та, тәрбиелік те мәні зор. Сондықтан бұл өнерге жеңіл қарамай, халықтың рухани сұранысын ескерген жөн. Айтыста көтерілген тақырыптар уақыт талабынан, ұлт мүддесінен туындайды. Сондықтан айтыс – өмір шындығын ашатын өткір жанр.

Сонымен қатар қазіргі айтыс жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңызды құралына айналып отыр. Шетелдік мәдени ықпалдардың күшеюі

жағдайында айтыс – халықтың рухани иммунитетін нығайтатын өнер түрі. Ол жастарды ұлттық болмысқа жақындатып, тарихи сана қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәуелсіз ел болғаннан кейінгі айтыстарда қоғамдағы, әлеуметтік өмірдегі сан салалы ең зәру, көкейкесті мәселелер көтерілуде. Халыққа, елдікке қажетті мәселелерден ақындар сырт қала алмайды. Қазіргі айтыстардың бір ғана кем-кетігі айтылмай, еліміздің қол жеткізген жетістіктері де талданады. Өйткені айтысқа шыққан ақын халық атынан сөйлейді, көпке ой салады. Мәселен, Д. Қапұлы бір айтыста:

Шыбын да жаным шырылдай, Қай жаққа бетті бұрмақпын?

Асылдарымды атқызып, Аштықта халқым қырылған, Ұлдардай жұртты шулаттың.

Босқанда халық шетелге, Лузыциян демі кетер ме

Аштықта жеген тулақтың?! дейді. Бұл жолдар халық тарихының қаралы беттерінің шындығы екені даусыз. Ұзақ уақыт басқаға басыбайлы бодан болған еліміздің басынан не өтпеді? Бұл арада ақын халықты торғайдай тоздырған үш үлкен нәубетті меңзеп отыр. Аз сөзге көп мағына сыйғызады, ойын ұтымды жеткізеді. Көптің көкейіндегі мәнді-маңызды ойды әсерлі айта білу ақынның кеңінен танылуына да көп әсер етеді. «Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы — халықтың жүрегі» Тәуелсіздіктен кейінгі айтыстардың мазмұн-мәні өзгерген. Ақындар ойын еркін, өткір сөзбен іркілмей айтуға ден қойған. Мәселен, Серік Құсайынбаев пен Қуаныш Мақсұтов арасындағы сөз сайысында Серік былай дейді: Жырларын жорғадайын желсін мей, Дей көрме мұны достық өлсінбейді. Шығыстан сайланған бір депутат Шымкентті Россияға берсін дейді.

Немесе:

Болса екен халқым әркез он қадамым, Сол жайды ойлауменен толғанамын.

Ол аздай Абай бабам аруағын Басында күнде жарды бомбаларын

Ал Имашев Балғынбек пен Сара Гөктамысова айтысқанда Балғынбек:

Сенат пен Парламентке қайран қалам, Тіліме қарсы шығып тайрандаған.

Жалғыздың үні шықпай тілім елді,

Айтса да Айталыдай қайран ағам, — дейді .

Серік ақын айтқандай, біздің жерімізге көз тігушілер аз болмағаны белгілі. Ата-бабаларымыз білек күшімен қорғап қалған атамекенді бөлшектеу — елдікке сын. Мұндай теріс пиғыл іске асуы мүмкін емес, ақын орынды сынға алады, қырағылыққа шақырады. Сонымен бірге Абай туған киелі топырақта ұзақ жыл атом бомбасының жасырын жарылғаны да белгілі. Жарылыстың салдарынан сол өңірдегі халық аз азап тартқан жоқ. Жер мен су, ауа былғанды, кеміс сәбилер дүниеге келді, мүгедек көбейді.

Ақын осындай апатты ашады. Бұл сөзі халықтан қолдау табады. Павлодар қаласында өткен Әселхан мен Баянғали арасындағы айтыста Әселхан полигон болған елді мекендердің атын атап, тізіп тұрып көрсетеді. Осылай батыл сөйлеп, ақиқатқа табан тіреу — сөз жоқ, айтысқа тың серпіліс берері хақ. Сондай-ақ Балғынбек ақынның айтқан тіл мәселесі де ұлттың басты белгісі екені аян. Өз тілінде сөйлеп, жазбаған елдің болашағы бұлыңғыр болмақ. Ендеше ақын көптің көкейіндегі мәселені көтеріп отыр. Ақындардың тура айтқаны туғанына жақпаса да, ел намысын көтеруі, соның жоқшысына айналуы жұртшылықтың қолдауына ие болмақ. Ақиқатты айту арқылы кемшіліктерді сынға алады, көптің көңілінен шығып, мерейін көтереді.

Енді бірде айтыс ақындары тәуелсіздікті халықтың сан ғасыр күткен арманы ретінде жырлайды. Аманжол Әлтаев пен Серік Құсайынбаев арасындағы айтыста Аманжол:

Азаттық орда тігін алы белден,

Түнекті жарып тастап жарық келген. Тоқсан жасқа келгенде мына ғасырға Қазаққа тәуелсіздік алып берген.

Немесе:

Қайтпасын Қазақстан бек күшінен, Ұрпақ ерге бассын текті ісімен.

Қазақтың көрген зұлмат, бар қайғысы

Азаттық садағасы деп түсінем , - деген жолдар азаттықты аңсаған халықтың ғасырлық мұраты екенін айтады. Азат ел болу жолында ата-бабаларымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді» көргені аян. Осының бәрін азаттықтың садағасына балайды.

Тәуелсіз ел атанған соң ендігі жерде бостандықтың баянды болуы үшін бөлініпжарылмай береке-бірлікті нығайту керек екеніне баса назар аударады. Халықтың ынтымақты болуы қуатты елге айналуының басты шарты екені аян. Бір айтыста С. Құсайынбаев:

Бөлінбей Ұлы жүз деп, Кіші жүз деп, Жеңнен қол, жағадан бас тығарайық, — десе, Д. Қапұлы:

Басында бақ тұрғанда бірігесің, Алтын мен мыстай болып кірігесің. Қапыда ынтымағыңды ыдыратсаң,

Қан жілік болған аттай жілігесің , - деп «алтыбақан алауыздықтан» сақтандырады. Екі ақын да жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын ескертеді. Екеуінің ойы бірін-бірі толықтыра түскен. Елде береке-бірлік болмай, өмірдің мәні де, сәні де болмайтыны кәміл. Бұл — халықтың ізгі салтына қажетті ой-толғам. Айтыстарда ебін тауып, екі асап жүрген жемқорлық та сын садағына ілінген. Бұл да халыққа, елдікке қажетті мәселелердің бірі. Айтыс ақындары кемшіліктің кесірі аз болмайтынын дұрыс пайымдаған. Ақындардың батыл сөйлеуіне мүмкіндік беру — арғыдан келе жатқан

дәстүр. Сондықтан кемшілікті айтты екен деп ақындарды кінәлаудың қажеті жоқ. Ащы шындықты ашып айту — қажеттілік. Мұның бәрі тәуелсіздіктен кейінгі айтыстардың жаңа сипатта дамығанын аңдатады және айтыстың өміршең, қуатты жанр екенін көрсетеді. Демек, айтыс ұлттық идеологияның жалынды жаршысына айналған. Әлеуметтік өмір сауалдарын кең қамтып, шынайы айта білген айтыс халыққа тез тарап, ұзақ уақыт ұмытылмай айтылып жүреді. Осы ретте дін туралы да айта кеткен жөн. Кеңестік кезеңде мұсылман елдерінің тілі мен дінін жоюға күш салғаны мәлім. Өйткені тіл мен дін — әр ұлттың басты құндылықтарының бірі. Осы екеуінен айырылған халық біртіндеп жойылып кетуі мүмкін. Осындай жағдайда ақындардың ислам дінін айтыстың арқауына айналдыруы орынды болмақ. Мәселен, М. Тазабеков:

Бекарыс, қай жағдаймен мақтанайық, Сақтансақ, кришнадан сақтанайық.

Түбім — түрік, ал дінім — ислам ғой, Солай қарай сеніммен аттанайық.

Немесе:

Заман азып, заң тозып бара жатыр, Қай тірлікпен, Бекарыс, шаттанайық?

Бұрынғының ұраны — «Аллаһу акбар»,

Бүгінгінің ұраны — «ап қояйық» дегені. Ақын шынайы шындықты сөз еткен. Ұлтын ұятын оятып, рухын тазартатын ой тастаған. Жаман әрекеттің көбі имансыздыққа жол ашатынын ескертеді. Жаратқанның барлығына, Құранның хақтығына сенген адамның жаны таза болады. Ақындар дін арқылы халықты жамандықтан сақтануға үндеген. Бұл проблема көп ақынның айтысынан орын алған. Д. Қапұлы:

Құлқынның құлы болған қазақ аз ба, Кәпірден асып түсер құлап ішкен?

Қаладағы қаптаған казиноның

Мешіттің мерейі тұрады үстем деген сөзі — ащы шындық. Ақын күпілтелмей, ақиқатты айтқан. Бұл — әлеуметті көптен ойландырып жүрген жаман дерттің бірі болатын. Ақындар осындай жамандықтан жирендіріп, ізгілікті насихат етуді мақсат еткен. Тәуелсіз елдің ақындары әлеуметтік өмірдегі бастыбасты мәселелерді батыл көтеріп, қоғамдық идеологияның қалыптасуына айтарлықтай әсер еткен. Соңғы кездері тозған жер, тартылған су, ластанған ауаның зардаптары аз болмағаны белгілі. Танымал айтыс ақыны К. Әбілов кезекті бір айтыста былай депті:

Шіркін-ай, көл бар ма екен Балқашымдай, Елімнің сыймай жатқан картасындай.

Тартылуға айналды сол тереңім, Ойы тайыз жандардың арқасында-ай!

Ойсыздарға осылай оңай бәрі, Жан бағуды қашанда қолайлады. Балқаш деген — Арқаның шарайнасы, Абайсызда сындырдық сол айнаны.

Бұған қарағанда ақындар қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жетістікті де, кемшілікті де

бірдей қамтып сөйлеуге ұмтылғаны аңғарылады. Заман шындығын, көптің көкейіндегі сауалдарды дәл басып айтуға ұмтылған өткір сөз халықтан қолдау таппақ. Тіпті халық айтысты культке балап, ащы шындықты ашып айтқанды ұнатқан. Сол себепті ақындардың батыл сөйлеуіне мүмкіндік беру — арғыдан келе жатқан дәстүр. Айтыс – халқымыздың рухани өмірінде ерекше орны бар, көпшілікпен етене байланысып, халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін бірге өрген көне өнердің бірі. Сондықтан да бұл өнердің кез келген қыры қоғамдағы әлеуметтік-саяси және материалдық-экономикалық қатынастармен тығыз сабақтасып жатады. Кемелденген кезеңдегі Қазақстан қоғамында айтыс еңбек адамымен біте қайнасып, халықтың тыныс-тіршілігін бейнелеудің маңызды құралына айналып отыр.[6] Бұл құбылыс айтыстың бұқаралық әрі демократиялық сипатын айқындай түседі. Айтыстың осындай әлеуметтік маңызы оны тәрбиелік мәні зор құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Халық санасына терең сіңген, уақыт өткен сайын жаңарып, мазмұны байып келе жатқан осы асыл мұраны бүгінгі айтыс ақындары жалғастырып келеді. Айтыс үстінде жүрек түкпіріндегі ойын бүкпесіз жеткізе алатын шынайы дарын иелері әрдайым топ жарып шығатыны белгілі. Қазіргі таңда айтыс өнері жаңа сипатта дамып, өзінің кемел кезеңін бастан кешіруде.

Бүгінгі айтыс ақындары тәуелсіз еліміздің қоғамдық-әлеуметтік өміріндегі өзекті мәселелерді кеңінен қамтып келеді. Сол себепті айтыста көтерілетін идеялық мазмұн да заман талабына сай қалыптасуда. Қазақ айтыс өнерінің қазіргі даму бағытына назар аударсақ, оның саяси-әлеуметтік мақсат-мүдделермен және идеялық-эстетикалық ұстанымдармен тығыз байланыста өркендеп келе жатқанын аңғаруға болады. Мәселен, 2005 жылғы 25 сәуірде Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен айтыста Балғынбек Имашев пен семейлік Сара Тоқтамысованың сөз сайысы айтыс жанкүйерлерінің есінде ерекше сақталған. Бұл айтыста Балғынбектің ұтқыр әзілге құрылған ойлары мен Сараның мазмұнды жырлары тыңдаушыларға жақсы таныс болды.[7] Мысалы:

Балғынбек:

Туған тіл бұтақтарын жаю керек, Өз тілін білетіндер баю керек.

Он бес жыл қар астында ұйықтап жатқан, Жалқауды тіл үйренбес аю дер ек.

Сара:

Астанада Жаманқұлақ деген ауыл, Тоз-тоз болып сынған ердей тоқырапты.

Магамет дейтін бір көпес-ингуш, Бұл ауыл менікі деп тартып апты. Ержүрек жұмырбасты жүз қазақтың Жерлерін жалғыз өзі сатып апты. Осындай елді кезген келімсекке Үкімет үндей алмай жатып апты.

Осы айтыста өнер көрсеткен екі ақынның да білім деңгейі, мәдени және рухани өрісі, сондай-ақ қоғамдық мәселелерге қатысты көзқарастары олардың шығармашылық

эрудициясының жоғары екенін аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтыс. I том. – Алматы: Жазушы, – 320 б.
2. Айтыс. II том. – Алматы: Жазушы, – 304 б.
3. Айтыс. III том. – Алматы: Жазушы, – 336 б.
4. Белтірік шешен. – Алматы: Ғылым, – 160 б.
5. Молдағалиев Ж. Мен қазақпын. – Алматы: Атамұра, – 256 б.
6. Шеріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, – 224 б.
7. Жолдасбеков М. Асыл арналар: әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, – 272 б.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.